

Б. Асқарова, 2-курс

Ғылыми жетекші — С. Қ. Алтайбаев, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі (Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Әр қоғамның өзіне тән идеологиясы болатынын ескерсек, біздің әлі күнге дейін қол жеткізе алмай келе жатқан кем тұсымыз — дүние танымы мен көзқарасы өзгерген жастар қауымын жетелеп, дұрыс жолға салып жіберетіндей жаңа тәлім-тәрбие бағытының осалдығы дер едік.

Кәмелетке толмаған қылмыскер жайлы айтатын болсақ, қазіргі таңда кәмелет жасқа толмаған балалар арасында қылмыс көбейе түсуде. Оның көбі ұрлық, тонау, қарақшылық секілді мүлдіктік тұрғыдағы қылмыстар. Сонымен қатар, жиі кездесетіні бұзақылық болып отыр.

Қазақстан Республикасы ҚК 80-бабына сай кәмелетке толмағандар деп — жасы он төртке толған, он сегізге толмаған тұлғалар танылады. Кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстық істі қарау кезінде, сот оның жасын (күні, айы, туған жылын) дұрыс анықтау үшін барлық шаралар жасауға міндетті. Қылмыскерлердің жеке басы туралы, оның тәрбие, оқу, жұмыс жағдайын толық білу үшін, сот мәжілістеріне олардың заңды өкілдерін, еңбек ұжымының, оқу орнынан және тұрғылықты тұратын жерінен өкіл, сонымен қатар, кәмелетке толмағандар ісі бойынша инспекция өкілдерін қатыстыру қажет. Қылмыстардың толық, түпкілікті тізімі Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабында қарастырылған. Қылмыстық іс-әрекеттердің қоғамдық қауіптілік деңгейі олардың кәмелетке толмағандар арасында тарауы және олардың мұндай жас кезінде жасаған қылмысының іс жүзіндегі сипаты мен ауырлығын ұғынып, түсіне алуы ескерілген. Бұл қылмыстар тізіміне, тек қана қасақана, соның ішінде кейбір ауыр және аса ауыр қылмыстар (адам өлтіру, зорлау, терроризм, адамды кепілге алу және т. б.) енгізілген. Осы қылмыстарға қатысты кәмелетке толмағанның жауаптылығы 16 жастан басталуы қарастырылған. 16 жасқа дейінгі балалардың қылмыстық жауаптылыққа тартылуына жол берілмейді.

Заң шығарушы айтылған қылмыстардың қоғамдық қауіптілігін 16 жасқа толғандардың түсінуін, сезінуін ескере отырып, жоғарыдағы тұжырымға келген. Сол себепті, ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға кейбір жағдайларда қатаң жаза тағайындалуы тиіс.

Сонымен қатар, сот тәжірибесінде кәмелетке толмағандарға қатысты үш талап орындалған жағдайда, яғни мыналар: 1) қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасағанда; 2) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағанда; 3) тұлғаның түзелуіне мүмкіншілік бар жағдайда қылмыстық жаза қолданбау тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану негізі болады.

Қылмыстық жауаптылық басқа заңды жауаптылық түрлерінен (азаматтық, әкімшілік, тәртіптік және тағы басқа) ерекшеленеді. Яғни, қылмыстық жауаптылық, қылмыстық заң

бойынша жазалау қатерімен тыйым салынған қылмыстық әрекеті үшін кінәліге жаза тағайындауға және соттылықтың туындауын көздейтін қылмыстық қол сұғушылыққа қатысты құқық қорғау органдарымен қолданылатын шара болса, заңды жауаптылықтың басқа түрлері тиісінше өзге де құқық бұзушылықтарға қолданылады. Қылмыстық жауаптылық қылмыс жасалған уақыттан басталады. Қылмыстық жауаптылықтың іске асуы болып — қылмыс үшін кінәлінің жауаптылыққа тартылуынан басталып, істің сотта қаралуы және жазаны өтеу уақыты танылады.

Зерттеуші Р. Михеев: «Заңда белгіленген жасқа жеткен, бірақ психикалық тұрғыдан толыспаған (мысалы, психофизикалық даму жолындағы іркіліс) өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіптілігін немесе нақты мән-жайын түсінбеген болмаса оларға басшылық ете алмаған тұлға қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жатпайды», — дейдіⁱ.

Егер кәмелетке толмаған адам осы он төрт немесе он алты жасқа толса, бірақ психикасының даму жағынан артта қалуы салдарынан кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысты жасау кезіндегі өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық көлемінде түсіне алмаса, не оған ие бола алмаса, қылмыстық жауаптылыққа тартылуы тиіс емес (Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабы 3-бөлігі).

Осыған байланысты кәмелетке толмағандардың жауаптылығына тоқталайық. Мемлекеттің әділеттілік және ізгілік принциптерін басшылыққа ала отырып, кәмелетке толмағандардың жас шағынан жеке ақыл жөнінен толық жетілмегендігін ескере отырып, оларды арнаулы қамқорлыққа алуының көрінісі болып табылады. Осыған орай қылмыстық заң кәмелетке толмағандарға ересектермен бірдей талап қоя алмайды. Кәмелетке толмағандардың психологиясын ескере отырып, оған қылмыстық жауаптылықтың ерекше жағдайларын белгілеу қылмыстық жазаның мақсаттарына жетудің бірден бір оңтайлы жолы болып саналады. Сондықтан да кәмелетке жасы толмағандарға қылмыстық заң жаза болып табылмайтын тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын кеңінен қолдануды белгілеген.

Жасөспірім туған күні емес келесі, ертеңіндегі күннен бастап белгілі бір жасқа толды деп саналады. Сот-медициналық сараптама жасты анықтау кезінде сотталушының туылған күнін сол жылдың соңғы күнімен белгілейді; жастың ең төменгі немесе жоғарғы шегін жылды анықтауда, сот сараптамасының қорытындысымен анықталған төменгі жас мөлшерін белгілейдіⁱⁱ.

Қорыта айтқанда, жастардың арасында адамгершілік – құқықтық насихат жұмыстарын барынша пәрменді түрде жүргізе отырып, оларды құқық негіздерімен қаруландыру, құқықтық тұрғыдан әлеуметтендіру қажет.

ⁱ Ағыбаев А. Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: Оқулық. — Алматы, 1999.

ⁱⁱ Сапарғалиев Ф. Қазақстан мемлекеті мен құқығының негіздері: Хрестоматия. — Алматы, 1996.